

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Н. Сатымбекова

**«№3 Ә. Молдагұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің» КММ
қыздар кеңесінің жылдық жоспары. 2022-2023 оқу жылы**

p/c	Iс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Қыздар кеңесінің жоспарын бекіту. Қыздар кеңесі тәрайымын және оның көмекшілерін сайлау, қыздар ережесі, әдебімен таныстыру.	Кыркүйек	ДТІЖО Б. Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Медбике Г. Досбаева
2	«Ерте жүктіліктің зардабы» Бойдағы кемшіліктен арылу. Шаш күтімі.	Қазан	ДТІЖО Б. Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Медбике Г. Досбаева
3	«Жақсы мінез жан азығы» Әнгіме	Қараша	Мектеп медбикесі Г. Досбаева
4	«Иманды қыз, аяулы ана» Тренинг	Желтоқсан	ДТІЖО Б. Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Медбике Г. Досбаева Мектеп психологы Ф. Еспулганова
5	«Әдептілік – адамгершілік бастауы» Пікірталас	Қантар	Қыздар кеңесі тәрайымы М. Сатымбекова Мектеп психологы Ф. Еспулганова Үйымдастырушы Г. Абдиева
6	«Жас өренге айтартым бар- құлақ салса» Баяндама	Ақпан	Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Медбике Г. Досбаева Мектеп психологы Ф. Еспулганова
7	Ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас «Тазалық денсаулық кепілі»	Наурыз	Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Мектеп психологы Ф. Еспулганова Медбике Г. Досбаева
8	«Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» дөңгелек үстел 9-10 сыныптар	Сәуір	ДТІЖО Б. Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Мектеп психологы Ф. Еспулганова
9	«Сымбат» қыздар клубының жұмысын қорытындылау	Мамыр	Қыздар кеңесінің тәрайымы М. Сатымбекова Медбике Г. Досбаева Мектеп психологы Ф. Еспулганова

Қыздар кеңесінің тәрайымы: М. Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 15.09.2022ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылына мектеп қыздар үйымының төрайымын сайлау.

2. Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау.

3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2022-2023 жаңа оқу жылында қыздар үйымының төрайымын сайлау керектігі жөнінде айтып өтті.

2. Мектеп медбикесі «Жеке бас гигиенасы» туралы баяндама оқыды. Баяндамада қыз балалардың да жеке бас гигиенасын сақтау туралы ақпараттар мен жаңалықтармен бөлісті. Тазалыққа көніл аудару ең орында тұратынын айтып өтті.

3. Қыздар үйымының төрайымы М.Сатымбекова оқушылардың тазалығын, сабакқа қатысуын үнемі басты назарда ұстау керектігі жөнінде айтып өтті. Қыз бала ақылына көркі сай болу қажет .

Қаулы етеді:

1.Мектептің қыздар үйымының төрайымы болып М.Сатымбекова тағайындалсын.

2.Мектеп қыздарының сабактан қалмауын, тәртібін, қыздардың жүріс – тұрысын, жеке бас гигиенасын қадағалауы мектеп медбикесі Г.Досбаеваға жүктелсін.

Қыздар кенесінің төрайымы  М.Сатымбекова

Хатшы:  Г.Абдикадирова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 13.10.2022ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ерте жүктіліктің зардабы
2. Бойдағы кемшіліктен арылу
3. Шаш күтімі

Тыңдалды:

Жиынды кеңес төрайымы М.Сатымбекова ашып күн тәртібіндегі мәселе мен таныстыруды.

Мектеп медбикесі Г.Досбаева дайындаған баяндамасын қыздарға ашып «Ерте жүктіліктің зардабымен» таныстыруды. Қыздарды тәртіпке шақырып ұқыпты жүруге түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қыздарда өз ойларын айтып ашық жеткізді.

Күн тәртібінде берілгендей екінші мәселе бойынша мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова сөз бастап қыздарымыздың бойындағы кемшіліктен арылу үшін өзін-өзі сырттай сынни көзben бақылап реттеуге шақырды. «Ағаштан ағаш сәнін алады, адамнан адам тәлім алады» деп бекер айтылмағанын түсіндіріп жақсыға еліктең жаманған жириеніп ниетіміздің дұрыс болуын қолға алуымыз керек.

Үшінші мәселе бойынша қыздар кеңесі төрайымы м.Сатымбекова өз сөзінде қыздарымыздың шашы жылтылданап үсті-басы жинақы жүрген қыз сұлулыққа бір табан жақын екенін айттып өтті. Ата-бабамыз «Қыздың көркі шаш» деп бекер айтылмағанын үлкен мән мағына бар екенін түсіндірді. Жиналыс өте қызықты өтті.

Қаулы етеді:

- 1.Ерте жүктіліктің зардабынан аулақ болайық.
- 2.Жарқын өмір сүрейік
- 3.Шаш күтімі қолға алынсын.

Кыздар кеңесі төрайымы  М.Сатымбекова
Хатшы:  Г.Абдикадирова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 16.11.2022ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

- 1.Жақсы міnez жан азығы (Әңгіме)
- 2.Репродуктивті денсаулық

Тыңдалды:

Мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова сөз бастап жиналысты ашып берді. Бұғынгі күн тәртібімен таныстырып өтті. Жиналысқа 7-9 сынып окушы қыздары қатысты.

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова өз сөзімен тақырыпты ашып сөз бастады. «Жақсы міnez жан азығы» жақсы міnez – жылы жүзді болу, күлімдеп жүру, жомарт болу және ешкімді ренжітпеу деген сөз. Жақсы міnezді болудың белгілері мыналар: Ынсапты болу, барлық адамдар туралы жақсы ойда болу, жаман ойда болудан сақтану, достарынан келетін қынышылықтарға төзу, ешкімге шағымданбау, үнемі өзінің кемшіліктерімен әуре болу, өз нәпсін жазғыру, күлімдеп, жылы жүзді болып, бәрімен жұмсақ сөйлесу. Осы қасиеттерден бөлек борыш пен жауапкершілік – бұл адамның әке-шеше, үй-ішіне қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет екендігін ескертіп өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп мебикесі Г.Досбаева сөз бастап «Репродуктивті денсаулық» тақырыбында баяндама оқыды. Репродуктивті денсаулық дегеніміз қыз балада репродуктивті денсаулығының негіздері ерте жастан қалыптасады және генетикалық ерекшеліктерге, дененің әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің патологиясының болуына, қоршаған орта факторларының әсеріне және т. б. байланысты. Жыныстың өмірдің ерте басталуы, жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБИ), соның ішінде АИТВ/ЖИТБ, жоспарланбаған жүктілік, түсік түсіру репродуктивті саланың негізгі проблемалары болып табылады деп түсіндіріп ескертті.

Қаулы етеді:

- 1.Жақсылыққа ұмтылып, жарқын өмір сүрейік.
- 2.Өз денсаулығымызды сақтай білейік

Қыздар кеңесі төрайымы  М.Сатымбекова
Хатшы:  Г.Абдикадирова

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Иманды қыз-аяулы ана»
тақырыбында жүргізілген жинальстың**

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 22.12.2022ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:


1. «Иманды қыз-аяулы ана»
2. Тазалық денсаулық кепілі
3. Әр түрлі мәселелер
- 4.

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жалпы қыздар жинальсы болып өтті. Бірінші мәселе бойынша сөзге қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова сөзге шығып қыз тәрбиесі жайлы айтып өтті. "Анасын көріп қызын ал" деген сөз бекер айтылмаған. Ал Қорқыт бабамыз: "Қыз анадан көрмейінше - өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше - сапар шекпес" деген екен. Егер сен анаңдан жақсы тәрбие алып жүрсөн, ойлағаныңа жетерсің. Ал керсінше осы бастан ата-ананды тындармай, оларды қадыр тұтпасаң, оларға сөз келтірсөн, мақсатыңа жете алмайсың. Қазақ қоғамындағы басты байлық адам болса, ақылды да иманды, парасатты да тәрбиелі қыздар – ортаймайтын ең құнды қазына. «Қоғамды тәрбиелеймін десен, қызыңды тәрбиеле» деген қағиданың мәні қаншалықты терең болса, мазмұны соншалықты салмақты екенін айтып өтті. «Қыз, әйел, ана» – қасиетті ұғымдар, өйткені өмірдің бастау-бұлағы анадан адамзат тарап, ұрпақ өсіп, ұлт қатары көбейеді. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін де әйел-ана. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті деп түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша сөзге медбике Г.Досбаева шықты. Тазалық денсаулық кепілі екенін айта отырып қыздарға тазалық жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қыздарға жас ерекшеліктеріне қарай организімде болатын өзгерістер жайлы айтып өтті. Ол қыздарға бейнеролик көрсетті және ол жайлы сұрақ жауаптар өткізді. Қыздар мектебіміздің келбеті екендіктері ескертілді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Әлемдегі ең сұлу қыз-Қазақ қызы, қосымша жұмыстар жүргізілсін
2. Өз денсаулығымызды сақтай білейік жеке кеңес берілу ісі қолға алынын

Қыздар кеңесінің тәрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тогысбай

«№3 Ә.Молдагұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
меншемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 18.01.2023ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

- 1.Жас өренге айтарым бар қулақ сал (Баяндама)
- 2.Қыздар ережесін әдебімен таныстыру
3. Ағымдағы мәселелер

Тындалды:

Жиынды қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова ашып қыздарды түгендеді. Әр сыныптың қыздар тәрайымы өз жұмысымен сынның қыздарын түгендеп хабардар етті.


Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесі тәрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызды «Қызы» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Отбасы қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Сондықтан да бүтін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қызы бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандығы негізгі мақсатым: адамгершілігі мол, әдепті, инабатты, сыртайы қыздарымызды тәрбиелеп шыгару. Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыртайылық қарым-қатынасқа тәрбиеленетін қыздар ертең еңбек еткенде жақсы жақтарымен көвшілік құрметтіне бөлгенері сөзсіз.

Екінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде мектеп оқушы қыздарымызды мектептің ішкі ережесімен таныстырып өтті. Сөзben емес, іспен жұмыс жасап үйреніңіз. Жаупкершілік артылса, орындауга асығыңыз. Карапайым болу керек. Кез келген адаммен сауатты да сыртайы сөйлесіп білу қажет. Қоғам оргасында қарым-қатынас орната білудің өзі – өнер.Шамадан тыс боянудың қажеті жок. Бүгінгі заманда боянып білмеу де қыздар үшін ұят болмайды. Қандай жерде қалай боянған жөн екенін білсеңіз жеткілікті. Жан-жақты болу керек. Ол үшін көбірек кітап оқығаныңыз жөн. Әнмен, бимен айналысканның да артықшылығы жок. Тым әлсіз де, тым қатал да болмау керек.Жеңілтектікten аулақ болыңыз. Сабыр сактап үйреніңіз. Бала махаббаттың әсерінен кей қыздар артық кетіп жатады. Мектеп ішінде казақы болмыстан аттамаған жөн.Тазалыққа құмар болыңыз. Қызы баланың қорсеткіші – тазалық.

Үшінші мәселе бойынша Мектеп формасының сакталуы, қыртыс болмауы, бантиткін дұрыс тағылуы, аяқ киімнің таза болуы, шаш күтімі, тырнақтың боялмауы тазалықтың еншісіндегі ережелер. Ұрысудан, дауыс көтеруден аулақ болыңыз. Сыныпта кей қыздар жанжалдасуға құмар болады. Дауласу дәреже емес екенін ұмытпағаныңыз жөн.

Қаулы етеді:

1. Қызы кеңесі жұмысы жандандырылсын
2. Қыздарға түсіндірме жұмыстары қолға алынсын.

Қыздар кеңесі тәрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  Г.Абдикадирова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 15.02.2023ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Жас өренге айтарым бар құлақ сал (Баяндама)
2. Қыздар ережесі әдебімен таныстыру
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Жиынды қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова ашып қыздарды түгендеді. Әр сыныптың қыздар тәрайымы өз жұмысымен сынып қыздарын түгендеп хабардар етті.


Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесі тәрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. Біздін халқымызда «Қызы» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде колданылады. Отбасы қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Сондықтан да бүгін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандығы негізгі максатым: адамгершілігі мол, әдепті, инабатты, сыпайы қыздарымызды тәрбиелеп шығару. Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым-қатынаска тәрбиленетін қыздар ертең еңбек еткенде жақсы жақтарымен көпшілік құрметтіне бөлгенері сөзсіз.

Екінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде мектеп оқушы қыздарымызды мектептің ішкі ережесімен таныстырып өтті. Сөзben емес, іспен жұмыс жасап үйреніңіз. Жауапкершілік артылса, орындауға асығыныз. Қарапайым болу керек. Кез келген адаммен сауатты да сыпайы сөйлесіп білу қажет. Қоғам ортасында қарым-қатынас орната білудің өзі – өнер. Шамадан тыс боянудың қажеті жок. Бүгінгі заманда боянды білмеу де қыздар үшін ұят болмайды. Қандай жерде қалай боянған жөн екенін білсеңіз жеткілікті. Жанжақты болу керек. Ол үшін қөбірек кітап оқығаныңыз жөн. Әнмен, бимен айналысқаның да артықшылығы жок. Тым әлсіз де, тым қатал да болмау керек. Женілтектікten аулақ болыңыз. Сабыр сактап үйреніңіз. Балға махаббаттың әсерінен кей қыздар артық кетіп жатады. Мектеп ішінде қазақы болмыстан аттамаған жөн. Тазалыққа құмар болыңыз. Қыз баланың көрсеткіші – тазалық.

Үшінші мәселе бойынша Мектеп формасының сақталуы, қыртыс болмауы, бантиктің дұрыс тағылуы, аяқ киімнің таза болуы, шаш күтімі, тырнақтың боялмауы тазалықтың еншісіндегі ережелер. Ұрысдан, дауыс көтеруден аулақ болыңыз. Сыныпта кей қыздар жанжалдасуға құмар болады. Дауласу дөреже емес екенін ұмытпағаныңыз жөн.

Қаулы етеді:

1. Қыз кеңесі жұмысы жандандырылсын
2. Қыздарға түсіндірме жұмыстары қолға алынсын.

Қыздар кеңесі тәрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  Г.Абдикадирова

№75 Ө.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде оқитын 5-11 сынып қыздарымен «Тазалық денсаулық кепілі» маңсатында жүргізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

17.03.2023ж

Күн тәртібінде:

1. «Тазалық денсаулық кепілі» (медбике Г.Досбаева)
2. Қазақ қызы қандай болу керек. М.Сатымбекова
3. Көктем мезгіліне сай шаш күтімі. (кеңес М.Сатымбекова)

Тындалды:

Жиынды қеңес тәрайымы М.Сатымбекова ашып, қыздарды түгендеді. Әр сыныптағы қыздар тәрайымы өз жұмысымен, сынып жағдайымен тәрайымды хабардар етті.

Мектебіміздің медбикесі Г.Досбаева «Тазалық денсаулық кепілі» атты баяндама оқып қыздарды тазалыққа шақырды . «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» демекші әр адам баласы өз денсаулығына қарау ,таза журу, зиянды заттардан бойымызды аулақ ұстауымыз қажет екені жайлыш хабардар етті.

«Қазақ қызы қандай болу керек» атты тақырыпшаны қыздар қеңесң тәрайымы М.Сатымбекова ашты. Қос бұрымды қыздардың әдебі, жүрісі, күлкісі туралы айтып, ең әуелі бастысы тәрбиелікте болатыны туралы сез қозғады. Қыздарға ашық киінбеу, беті жүзін боямау үлкен кісінің алдында жол кеспеу, ер адамдардың алдында қарқылдан күлмеу туралы әңгіме қозғады. Қыздар айтылған әңгіменің бәрін дұрыс деп тапты.

Алдымында көктем мезгілі екені белгілі, соған байланысты шаш күтімі бізді ерекше нұрландырады. Шаш жылтылдан, үсті-басы жинақы жүрген қызы сұлулыққа бір табан жақын екен. Ата-баба қыздың көркі шаш деп санаған шаш күтімі туралы кенестер қыздарға өте ұнайды екен. Көбісі бұл кенестен көп, қызықты деректер ала білді.

Жиын қызықты да тартымды өтті.

Кеңес қаулы етеді:

1. Өз денсаулығымызды сақтай білейік;
2. Адамзат перзенті екенімізді ұмытпайық;
3. Шаш күтімі қолға алынсын;
4. Мектеп тіртібі сақталысын.

Жиналыс тәрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А.Тажиханова

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 14.04.2023 ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» дөңгелек үстел
2. Психологиялық кеңес

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова сөз бастап жиналысты ашып бүгінгі күннің күн тәртібімен таныстырып өтті.

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер туған айдай жүзі жарқын.

Ұлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын, - деп халқымыз айтқандай қазақ қызының бойында қарапайымдылық сыпайылық, инабаттылық, мейірбандылық, адалдық, сезімталдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің болуы қажет. Қарапайымдылық – қыз баланың болмысын көркейтіп, оның бейнелік ерекшеліктерін айқындалап, тәрбие мен ұлттық құндылықтарды бойына сініргендігін, көркемдеп аша түсетіндей. Көпшілік қорытындысы бойынша қыз баланың өмірлік серігі, оның көркем мінезділігі екендігі шүбәсіз.

«Қызым үйде – қылышы тұзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады деп айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Ф.Еспулганова өз ойын тренинг ойындары арқылы жеткізді.

Қаулы етеді:

1. Қыз баланың тәрбиесі қолға алынын
2. Қыздар ішкі тәртіпке сай болсын

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  Г.Абдикадирова

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 18.05.2023 ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

3. «Сымбат» қыздар сұлуулығы
4. Психологиялық кеңес

Тыңдалды:

Қыздар кеңесі тәрайымы М.Сатымбекова сөз бастап қазақ халқында қыз баланың орны ерекше екенін сонымен бірге үкілеп өсіріп отырған қыз баласының барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылышты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз – өріс, ұлқоныс» деп білгендіктен халқымыз өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көніл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, қыз баланың мінезінің қалыптасуына да үлес қосқан. Халқымыз «қызы-қонақ» деп, төрінен орын беріп, қыздарды алтынның сынығына балап өсірген. Жалпы бала тәрбиесіне, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне өте көп көніл бөлген. Ата-бабаларымыз «Қызыға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отырған.

Біле білсек, әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. «Қызыым үйде – қылышы түзде» демекші, қыз баланың жүрістүрьесі мен киім киісі де тәрбиенің негізі болып саналады.


Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сінеді. Қыз баланың жүрістүрьесінан бастап дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесінің маңыздылығын сездірсе керек. Сондықтан да қазақ қыздарымыз тәрбиелі ұлтжандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен және рухани тазалығымен ерекшеленеді. Ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абырайлы, сыйлы болары хақ деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Ф.Еспулганова өз ойын әдемі тренингтермен өткізіп қыздарымызды ұйымшылдыққа бауырмалдыққа шақырды.

Қаулы етеді:

1. Жақсылыққа ұмтылып жарқын өмір сүрейік
2. Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Қыздар кеңесі тәрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  Г.Абдикадирова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде

Күз аруы — 2022 байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың басты мақсаты — арулардың бойындағы мәдениеттілікті, рухани адамгершілікті, өнерге, білімге деген шығармашылық іс-деністерін дамыту, жастар арасында ана тіліміздің дамуы мен жандануына үлес қосу, талантты жастарға қолдау көрсету, арулардың қазақ қызына тән ибалылық, нәзіктік, инабаттылық қасиеттерін, қолөнерге бейімділігін байқау болып табылады.

Байқаудың шарттарына сай аруларымыз өз өнерлерін ортаға салды. Ең алдымен өзін -өзі таныстыру бойынша арулар бойындағы бар өнерлерін паш етті. Ал сұрақ-жауап сайысында аруларымыз өз білімділіктерін шешендіктерін көрсете білді. Өз өнері сайысында бойжеткендер әуелете ән салып, дөңгелене би билеп, сахналық қойылым көрсетіп көпшілікті тәнті етті. Сән үлгісін көрсету барысында жапырақтан, гүлдерден жасалған өзіндік киім үлгісі жиналғандарды таң тамаша етті. Кіл жүйріктер қатысқан байқау аса тартысты өтті.

Байқау қортыныдысы бойынша:

Бас жұлдені Сұлтахан Еңлік

1- орынды Марат Нұрайым

2-орынды Ерман Айханым

3-орынды Ермакан Айда иеленді.

Сонымен қатар өзге де қатысушы үміткер аруларымызға ұйымдастыруышылар тарапынан арнайы номинациялар мен ынталандыру сыйлықтары дайындалып, дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Кыздар кеңесінің төрайымы:  М.Сатымбекова